

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 4 қазан N 1104. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1791 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны 135 адам шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне министрдің үш орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 11 адамнан алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 қазандағы
N 1104 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Министрдің жанындағы аппарат

Емдеу-сауықтыру бас басқармасы

Санитарлық-эпидемиологиялық бас басқарма

Жоспарлау-экономикалық бас басқармасы

Ана мен баланың денсаулығын қорғау басқармасы (жетекші)

Ғылым, оқу орындары және медицина кадрларымен жұмыс басқармасы
(жетекші)

Дәрілік заттар және медтехниканың сапасы мен стандарттауды
бақылау жөніндегі басқарма (жетекші)
Фармацевтік және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі басқарма
Күрделі құрылыс және шаруашылық қызмет басқармасы
Сыртқы байланыстар бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК